ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН ШЕШІМ

2025 жылғы 26 желтоқсан іс №7119-25-00-2/15542 Астана қаласы

Астана қаласының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты құрамында:
төрағалық етуші судья Ж.К. Жетібаев,
сот отырысының хатшысы Д.Баккараеваның қатысуымен,
ашық сот отырысында қойылған талап бойынша электрондық азаматтық істі қарады:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
«Қазақстан Республикасының қаржы Министрлігі» мемлекеттік мекемесі

ЖАУАПКЕР:
«Fiber Telecom» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАБЫ:
1) Мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы
2) Тұрақсыздық айыбын өндіру туралы

СОТҚА ҚАТЫСҚАНДАР:
талап қоюшының өкілі А.М.Джетибаева

<u>СИПАТТАУ БӨЛІМІ:</u>

2025 жылғы 9 қыркүйектегі «Қазақстан Республикасының қаржы Министрлігі» мемлекеттік мекемесі (тапсырыс беруші) мен «Fiber Telecom» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі (өнім беруші) арасында №224 мемлекеттік сатып алу туралы шарт жасалған, онда жауапкер «SIP телефон жүйесі, мемлекетаралық және қалааралық байланыс қызметтерін, Интернет желісіне, деректер беру арнасына қосылу мүмкіндігін, видеоконференция байланысын қамту» туралы міндеттеме алған.

Шарт бойынша міндеттемелерді орындау мерзімі қазынашылық органда тіркелген күннен бастап 2025 жылғы 31 желтоқсанға дейін.

Шарттың құны – 27 048 000 теңгені құрайды.

Шарттың 3.1-тармағы 1)-тармақшасына сай, өнім беруші шарт бойынша өзіне алған міндеттемелердің толық және тиесілі орындалуын қамтамасыз етуге міндеттенеді.

Алайда, жауапкер шартта көрсетілген қызмет мүлдем атқарылмаған.

Министерство финансов Республики Казахстан\АМақұтқызы К

Тараптар арасындағы шарт 2025 жылғы 24 қарашада біржақты бұзылған.

Талап қоюшы шарт талаптарын тиісті түрде орындамағаны үшін жауапкерді мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп тануды және тұрақсыздық айыбын өндіруді талап етті.

Сот отырысында талап қоюшының өкілі талапты толық қолдап, сотқа арызда көрсетілген уәждерге ұқсас түсінік берді. Талап қоюшы шарт талаптарын орындамағаны үшін жауапкерді мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп тануды талап етті.

Жауапкердің өкілі сотқа қатыспады, алайда сот отырысының уақыты мен орны тиісті түрде хабарланған.

УӘЖДЕУ БӨЛІМІ:

№1 талап бойынша

Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңының (бұдан әрі - Заң) 8-бабының 4-тармағының 3-тармақшасына сай, мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылардың тізілімі ол, өздерімен жасалған шарттар бойынша өз міндеттемелерін орындамаған өнім берушілердің тізбесін білдіреді.

Осы тармақтың бірінші бөлігінің 3) тармақшасында көрсетілген жағдайда тапсырыс беруші шарт бұзылған не шарттың қолданылу мерзімі өткен күннен бастап күнтізбелік отыз күннен кешіктірмей, осындай өнім берушіні мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы талап қоюмен сотқа жүгінуге міндетті.

Шарт талаптарын сай өнім берушілер шарт бойынша өзіне алған міндеттемелердің толық және тиесілі орындалуын қамтамасыз етуге міндеттенеді.

Сотта анықталғандай, жауапкер сотқа біржақты бұзылған шартты заңсыз деп тану туралы талап қою немесе қарсы талап қою арызымен сотқа жүгінбеді.

Техникалық ерекшелікте көрсетілген талаптарға сәйкес, интернетке қол жеткізудің бірыңғай шлюзін (бұдан әрі - ИҚБШ) пайдалана отырып, Интернет желісіне қол жеткізуді ұйымдастыру қарастырылған.

2025 жылғы 13 қарашада кеден бекеттерінде Интернет-хаттамалардың бірыңғай мемлекеттік тізілімі ИҚБШ арқылы интернет желісінің IP мекенжайларына тексеру жүргізілді, оның нәтижелері бойынша сәйкессіздік туралы акт жасалды.

Сондай-ақ, уәкілетті органдарға, атап айтқанда «Мемлекеттік техникалық қызмет» акционерлік қоғамына ИҚБШ тексеру үшін (2025 жылғы 18 қарашадағы №КГД-12-1-5/10779-И) және Қазақстан Республикасы Сауда және интеграция министрлігінің Техникалық реттеу және метрология комитетіне шет мемлекеттердің ұсынылған сәйкестік сертификаттарының заңдылығы туралы (2025 жылғы 13 қарашадағы №ҚГД-12-1-8/10639-І хат) хаттар жолданды.

Министерство финансов Республики Казахстан АМақсұтқызы К.
Құжатқа қол қойылған: Жетибаев Ж. К., 29.12.2025
Заңды күшіне енген күні: 29.01.2026, судья Жетибаев Ж. К., 12.02.2026
7119-25-3-6/1080

Сотпен анықталғандай, Starlink спутниктік интернеті мен IP мекенжайлары ИҚБШ қосылмаған, сонымен қатар шетел мемлекеттерінің ұсынылған сәйкестік сертификаттары Қазақстан Республикасының аумағында танылмайды.

Жауапкердің бұл кінәлі әрекеті салдарынан кеден бекеттерінде қызмет тиісті деңгейді атқарылмай келеді, атап айтқанда талап қоюшының қызметіне кері әсерін тигізіп отыр.

Істің мұндай жағдайында, жауапкерді мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп тану туралы талап арыз қанағаттандырылуға жатады.

№2 талап бойынша

ҚР Азаматтық кодексінің 293-бабына сәйкес, тұрақсыздық (айыппұл, өсімақы) айыбы, борышкердің міндеттемелерді орындамаған немесе тиісті түрде орындамаған жағдайда несие берушіге заңмен немесе келісім-шартпен анықталған ақша сомасын төлеуге міндетті.

Шарттың 7.3. тармағына сәйкес, өнім беруші өз міндеттемелерін орындамаған жағдайда мерзімі өткен әрбір күн үшін шарттың жалпы сомасының 0,1% мөлшерінде тұрақсыздық айыбын төлеуі қажет деп көрсетілген.

Шарт Қазынашылық органдарында 2025 жылғы 10 қыркүйекте тіркелген.

Шарттың талаптарына сәйкес, тұрақсыздық айыбы қарастырылған, оның сомасы 2 028 600 теңге құрайды (мерзімі өткен 75 күн үшін (11.09.2025 - 24.11.2025). Есеп - (27 048 000 (шарт сомасы) х 0,1% х 75 (мерзімі өткен күн) = 2 028 600 теңге). Есеп дұрыс жасалған.

Сондықтан, жауапкерден шартты орындамағаны үшін мемлекет пайдасына 2 028 600 теңге мөлшерінде тұрақсыздық айыбы өндірілуге жатады.

Қазақстан Республикасының Азаматтық процестік кодекстің 117-бабына сәйкес, мемлекеттік баж жауапкерден мемлекет пайдасына өндіріліп алынады.

<u>ҚАРАР БӨЛІГІ:</u>

Қазақстан Республикасының АПК-нің 223-226-баптарын басшылыққа ала отырып, сот

ШЕШІМ ЕТТІ:

Талап қоюшы «Қазақстан Республикасының қаржы Министрлігі» мемлекеттік мекемесінің жауапкер «Fiber Telecom» жауапкершілігі шектеулі серіктестігіне мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушылары деп тану туралы талабы қанағаттандырылсын.

Жауапкер «Fiber Telecom» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушылары деп танылсын.

Құжатқа қол қойылған: Жетибаев Ж. К., 29.12.2025
Заңды күшіне енген күні: 29.01.2026, судья Жетибаев Ж. К., 12.02.2026
7119-25-3-6/1080

Жауапкер «Fiber Telecom» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінен талап қоюшы «Қазақстан Республикасының қаржы Министрлігі» мемлекеттік мекемесінің пайдасына 2 028 600 (екі миллион жиырма сегіз мың алты жүз) теңге мөлшерінде тұрақсыздық айыбы және 60 585 (алпыс мың бес жүз сексен бес) теңге мемлекеттік баж өндірілсін.

Жауапкер «Fiber Telecom» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінен мемлекет кірісіне 1 966 (бір мың тоғыз жүз алпыс алты) теңге мемлекеттік бажға төленуі тиіс сот шығысы өндірілсін.

Шешімге тараптар және прокурор АПК-нің 403, 404-баптарының талаптарын ескере отырып, шешім түпкілікті нысанда шығарылған күннен бастап, ал сот талқылауына қатыспаған тұлғалар өздеріне шешімнің көшірмелері жіберілген күннен бастап бір ай ішінде Астана қаласының мамандырылған ауданаралық экономикалық соты арқылы Астана қаласының азаматтық істер жөніндегі сот алқасына апелляциялық шағым, наразылық беруі мүмкін.

Судья **Ж.К.Жетібаев**

Министерство финансов Республики Казахстан\Алматы

Құжатқа қол қойылған: Жетибаев Ж. К., 29.12.2025

Заңды күшіне енген күні: 29.01.2026, судья Жетибаев Ж. К., 12.02.2026